

Ойыл ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 10 ақпандағы № 6 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күшін жою туралы

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № 35 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 желтоқсанда № 4797 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылқоға аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № 11-10/287 ұсынысы негізінде Ойыл ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ойыл ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 10 ақпандағы № 6 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4587 болып тіркелген, 2020 жылғы 14 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ойыл ауылдық округінің әкімі

М. Жексенов